Бекітемін:
Аудан әкімі аппаратының басшысы
_____ Е. Оразханов
2025 жылғы «_23_» _09____

Үлкен Нарын ауданының жергілікті атқарушы органдары, квазимемлекеттік секторларының қызметіне 2025 жылғы 01 тамыз бен 03 қыркүйек аралығындағы кезең бойынша жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының себептері мен жағдайларын жою жөніндегі жоспардың орындалуы туралы ақпарат

№ р/с	Тәуекел индикаторы/сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы	Іс - шара	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Аяқталу мерзімі
1.	*Аудан әкімі аппаратының персоналды басқару бөлімі*				
1.1	*Конкурстық іріктеуді өткізбей лауазымға тағайындау:*				
1.1.1.	«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) бірінші басшылардың көмекшілерінің немесе кеңесшілерінің бос немесе уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға қатысты нормаларын қолдану кезінде мемлекеттік органдардың, баспасөз хатшыларының конкурссыз рұқсат етіледі, бұл өз кезегінде басқа адамдардың осы лауазымдарды атқару мүмкіндіктерін шектейді («азаматтардың мемлекеттік қызметке қол жеткізуге тең құқығы» Заңының 4-бабының 6-тармағы). Серіктестік, жеке адалдық белгілері бойынша жұмысқа орналасуға әкеп соғады, тиісінше меритократия принципі жоғалады	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің ШҚО бойынша департаментіне «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына аталған лауазымдарға конкурстық негізде орналасу қажеттігі туралы өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстармен хат жолдауға бастамашылық жасау.	Бастамашылық хат	Персоналды басқару қызметі бөлімінің басшысы Г.Ж. Сайнулдинова	Орындалды. ҚР ШҚО бойынша Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің департаментіне 22.09.2025 жылы № 771 бастамашылық хат жолданды
1.2.	*Іріктеу кезеңдерін өткізу мерзімдерінің болмауы (бос орын туралы хабарландыру орналастыру, құжаттарды қабылдау, әңгімелесу, тестілеу және т.б.)*				
1.2.1	«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл агенттігінің төрағасының	Бастамашылық хат	Персоналды басқару бөлімінің басшысы Г.Ж. Сайнулдинова	Орындалды. ҚР ШҚО бойынша Мемлекеттік

	сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы № 40 бұйрығымен бекітілген «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларының» нормаларын қолдану кезінде бос немесе уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға конкурстық негізде орналасуға қатысты, ішкі конкурсқа қатысуға үміткерлер болмаған жағдайда ішкі және жалпы конкурс арасындағы мерзім белгіленбеген.	2017 жылғы 21 ақпандағы № 40 бұйрығымен бекітілген «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларына» өзгерістер енгізу туралы ұсыныстармен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі аумақтық агенттігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша аумақтық агенттігіне хат жолдауға бастамашылық жасау			қызмет істері Агенттігінің департаменті-не 22.09.2025 жылы № 771 бастамашы-лық хат жолданды.
2.	*Жер қатынастары бөлімі*				
2. 1.	*Мемлекеттік көрсетілетін қызмет бағыты бойынша: жеке және заңды тұлғалармен жеке байланыс*				
2.1.1.	Кеңсе қызметкерлерінің көрсетілетін қызметті алушымен тікелей байланысының болуы бөлігінде жер қатынастары саласындағы 3 мемлекеттік қызметке («жер учаскесін жеке меншікке біржолғы не бөліп-бөліп сату», «жер учаскесін жалдау мерзімін ұзарту», «жер учаскелерінің бөлінгіштігі мен бөлінбейтіндігін айқындау») қатысты сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталды.	жер қатынастары бөлімі (мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі жұмыс органы) мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі Қағидаларға өзгерістер енгізу бойынша тиісті ұсыныстық облыстық (бұдан әрі орталық мемлекеттік органдарға - ҚР АШМ және ҚР Цдиаөм-ге жіберу үшін) жіберсін	Бастамашы-лық хат	Жер қатынастары бөлімінің басшысы А. Канафина	Орындалды. ШҚО Жер қатынастары басқармасына 22.09.2025 жылы № 500 бастамашы - лық хат жолданды.
2.2.	құқықтық актілер мен ішкі құжаттардың қайшылықтары: *құқықтық акт пен электрондық үкімет порталы арасындағы сәйкессіздіктер немесе қайшылықтар*				
2.2.1	Жер қатынастары саласында мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі Қағидалардың 2 - тармағына сәйкес (*ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығының 10-қосымшасы*) «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекеттік меншіктегі жер учаскелеріне құқықтар алу» Мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін-2-кезең жеке және заңды тұлғалар портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге нысан бойынша жер	Жер қатынастары бөлімі (мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі жұмыс органы) мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі Қағидаларға өзгерістер енгізу бойынша тиісті ұсыныстық облыска (бұдан әрі орталық мемлекеттік органдарға - ҚР АШМ және ҚР Цдиаөм-ге жіберу үшін) жіберсін	Бастама-шылық хат	Жер қатынастары бөлімінің басшысы А. Канафина	Орындалды. ШҚОЖер қатынастары басқармасына 22.09.2025 жылы № 500 бастамашы - лық хат жолданды.

	учаскесіне құқық алуға өтініш және бекітілген жерге орналастыру жобасы жібереді. Алайда, іс жүзінде электрондық үкімет порталында бекітілген жерге орналастыру жобасын емес, жер комиссиясының қорытындысын бекіту талап етіледі. Осылайша, «электрондық үкімет» порталы мен жоғарыда көрсетілген Ережелердің арасында қайшылықтар бар, бұл өз кезегінде көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың толық емес пакетіне сілтеме жасай отырып, өз қалауы бойынша бас тартуды таңдау мүмкіндігін туғызады.				
2.3	*мемлекеттік қызмет көрсетудің нақты процестерінің белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі, оның ішінде электрондық және қағаз қаулылардың қайталануы*				
2.3.1.	«Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін, мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу» жер қатынастары саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес (бірінші және екінші кезеңдер) мемлекеттік қызмет тек қана электрондық нысанда көрсетіледі. Бірақ қаулы жобасын әзірлеу кезінде бір мезгілде қаулының электрондық нұсқасы және жауапты тұлғалардың қолы қойылған қағаз данасы қалыптастырылады. Бұл жеке өзара іс-қимылдың қосымша нүктесін және сыбайлас жемқорлыққа мүмкіндік туғызады: мәтіндерді ауыстыру/өзгерту, қолтаңбаны «шарттық» келісу, «танысу бойынша» рәсімдерді жеделдету, электрондық іздерді жасыру.	Үлкен Нарын ауданының жер қатынастары бөлімі қағаз қаулылардың қайталануын болдырмау, электрондық қолтаңбаны пайдалану және қаулылардың электрондық жариялануы туралы хатқа бастамашылық жасасын	Бастамашылық хат	Жер қатынастары бөлімінің басшысы А. Канафина	Орындалды. Үлкен Нарын ауданы әкімінің аппаратына 22.09.2025 жылы № 56-ВН қызметтік жазба жолданды.
3.	*Сәулет, қалақұрылысы және құрылыс бөлімі*				
3.	Белгіленген тәртіптің бұзылуына әкеп соқтыратын мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде пайдаланылатын ақпараттық жүйелердің тиісінше жұмыс істемеуі				
3.1	«Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған және веб-порталда қолжетімсіз. Бұл ретте жер	ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне «Кент, ауыл	Бастамашылық хат	Сәулет, қалақұрылысы және құрылыс	Орындалды. ШҚО Сәулет, қала

	қатынастары саласында мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қағидаларға сәйкес «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру» мемлекеттік қызметі Мемлекеттік корпорация арқылы, сонымен қатар электрондық түрде портал арқылы көрсетілуі тиіс.	жерлерінен жер учаскесін беру» мемлекеттік қызметін тиісінше автоматтандыруға қатысты туындаған мәселелер бойынша бастамашылық хат жолдау		бөлімінің басшысы Б.Каирканов	құрылысы және құрылыс басқармасына 22.09.2025 жылы № 61-И бастамашылық хат жолданды.
4.	*Экономика және қаржы бөлімі*				
4.1	*Рұқсат беру функциясын іске асыру бойынша*				
4.1.1.	Лауазымдық өкілеттіктерді тиісінше пайдаланбау бақылау рәсімдерінің нәтижелерін бұрмалауға, мемлекеттік қызметтерді көрсету барысында жеке көзқарас танытуға және әлеуметтік қолдау шараларын бөлу кезінде субъективті қозқарас қалыптастыруға әкелуі мүмкін. Бұл жағдай жеке байланыстарға немесе лауазымды тұлғаның мүдделілігіне байланысты жекелеген тұлғаларға артықшылық берілудің ықтималдығын арттырады.	2014 жылғы 6 қарашадағы № 72 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығына ұсыныстар енгізу жөнінде Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына хат жолдау бастамасын көтеру	Бастамашылық хат	Бөлім басшысы, жауапты маман	Орындалды. ШҚО Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына 22.09.2025 жылы № 215 бастамашылық хат жолданды.
5.	*Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі*				
5.1.	жеке және заңды тұлғалармен жеке байланыс				
5.1.1.	Кеңсе қызметкерлерінің көрсетілетін қызметті алушымен тікелей байланысының болуы бөлігінде ауыл шаруашылығы саласындағы 1 мемлекеттік қызметке «тракторлар мен олардың базасында дайындалған өздігінен жүретін шассилер мен олардың тіркемелерінің механизімдеріне, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоратифтік және жол салу машиналарымен механизімдеріне сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарға жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқау жүргізу» қатысты сыбайлас	Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі (мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі жұмыс органы) мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі Қағидаларға өзгерістер енгізу бойынша тиісті ұсынысты облыстық Ауыл шаруашылық басқармасына (бұдан әрі орталық мемлекеттік органдарға – ҚР АШМ және ҚР Цифаәм-ге жіберу үшін) жіберсін.	Бастамашылық хат	Кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы М.Елеусизов	Орындалды. ШҚО Ауыл шаруашылығы басқармасына 22.09.2025 жылы № 78-И бастамашылық хат жолданды.

	жемқорлық тәуекелі анықталды.				
6.	Ауылдық округ әкімдері.				
6.1.	*Салықтар мен өзге де төлемдерді жинау бағыты бойынша: Талдау нысандары өкілдері мен салық және өзге де төлемдерді төлеушілер арасында тікелей байланыс болуы.*				
6.1.1.	Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 21-бабы 3-тармағының 2) тармақшасы кейбір жағдайларда мемлекеттік қызметшілер арқылы қолма-қол салық төлеуге рұқсат береді. Бұл тұрғындар ақшасымен тікелей байланысқа әкеліп, жемқорлық қаупін арттырады. Тәуекел себептері: -Қолма-қол ақшамен тікелей байланысты болдырмайтын міндетті тетіктердің болмауы (мысалы, тек банк арналарын, терминалдарды немесе мобильді қосымшаларды пайдалану). -Адам факторы – қызметтік өкілеттігін теріс пайдалану қаупі.	Мемлекеттік қызметшілер мен халық арасындағы қолма-қол ақша арқылы тікелей байланыстарды болдырмау мақсатында барлық салық төлемдерін тек қолма-қол ақшасыз түрде (Kaspi және Halyk Bank мобильдік қосымшалары арқылы) жүзеге асыруды міндеттейтін нормативтік актіге өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныс енгізу үшін Үлкен Нарын ауданының Мемлекеттік кірістер басқармасына ресми хат жолдауын бастамалау.	ресми хат жолдау	Солоновка ауылдық округінің әкімі Р.Ақылтай	Орындалды. Үлкен Нарын ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына 22.09.2025 жылы № 67 бастамашылық хат жолданды.
6.2.	*Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жатпайтын лауазымдарды анықтауды қоса алғанда, персоналды басқару саласында*				
6.2.1.	«Жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттерін бекітудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 27 маусымдағы № 480 қаулысына сәйкес мемлекеттік қызметшілерді штат санының деңгейі басқалармен қатар, мемлекеттік мекеме орналасқан елді мекендегі халық санына қарай айқындалады. Дегенмен, халық саны кадрлық деңгейді белгілеудің жалғыз критерийі болмауы керек. Сондай-ақ тапсырмаларды тиімді орындауға әсер ететін орындалатын функционалдық міндеттердің көлемі мен күрделілігін ескеру маңызды. Сонымен қатар, ауылдық округтер маңызды әкімшілік бірлік ретінде ерекше назар аударуды және кадрларды мамандармен нығайтуды талап етеді.	Функционалдық міндеттер көлемінің ұлғаюына және жұмыс санасын арттыру қажеттілігіне байланысты Үлкен Нарын ауданы әкімі аппаратының басшысына ауылдық округтер әкімдері аппаратының штат санының лимитін ұлғайту жағына қарай қайта қарау туралы хат жолдау ұсынылды.	Бастамашылық хат	Солдатово ауылдық округінің әкімі Б.Кадырмышев	Орындалды. Үлкен Нарын ауданы әкімінің аппаратына 22.09.2025 жылы № 80 бастамашылық хат жолданды.

7.	*Квазимемлекеттік сектор. «Нарын КомХоз Сервис» КМК*				
7.1.	*Кадрлық басқару бағыты бойынша*				
7.1.1.	Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 16-бабына сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілерінде комплаенс-қызмет немесе офицер болуы тиіс, алайда КМК құрылымында мұндай лауазым қарастырылмаған. Бұл жағдай сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуды жеткілікті деңгейде қамтамасыз етпеуге, қызметкерлердің этика мен адалдық қағидаттарын сақтаудағы бақылаудың әлсіздігіне, сондай-ақ ішкі бақылау жүйесінің жеткіліксіздігіне әкелуі мүмкін.	«Нарын КомХоз Сервис» КМК қызметінің құрылымына комплаенс қызметін енгізу, комплаенс офицерінің лауазымдық міндеттерін анықтап, комплаенс жүйесінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету мақсатында «Үлкен Нарын ауданындағы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» мемлекеттік мекемесіне комплаенс-офицер лауазымын штаттық кестеге енгізуге уәкілетті органға жіберу үшін бастамашылық хат жазу.	бастамашылық хат	«Нарын КомХоз Сервис» КМК директоры	Орындалды. Үлкен Нарын ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне 19.09.2025 жылы № 01-04-111 бастамашылық хат жолданды.

Мемлекеттік-құқықтық бөлімінің басшысы Ж. Катчубаева